

**"2021-2023 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 551 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 наурыздағы № 32 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 наурызда № 8190 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2021-2023 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 551 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7975 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 31 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3 – қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 46055 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 777 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 45278 мың теңге;

2) шығындар – 47127 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1072 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 1072 мың теңге."

2-тармақ жаңа мазмұндағы 2) тармақшамен толықтырылсын:

"2) әкім аппараты қызметін қамтамасыз ету шығындарына 200 мың теңге."

Аталған шешімнің 1 - қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс III сессиясының төрағасы

А. ОРЫМБАЕВ

Қазалы ауданындық мәслихат хатшысы

Б. ЖАРЫЛҚАП

Қазалы аудандық мәслихатының  
2021 жылғы 12 наурыздағы  
№ 32 шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 551 шешіміне 1-қосымша

## 2021 жылға арналған Бірлік ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	46055
1			Салықтық түсімдер	777
	04		Меншікке салынатын салықтар	777
		1	Мүлікке салынатын салықтар	13
		3	Жер салығы	39
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	725
4			Трансферттердің түсімдері	45278
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	45278
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	45278
<b>Функционалдық топ</b>				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	

			2. Шығындар	47127
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18775
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18775
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18365
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	410
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	14347
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	14347
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	13434
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	315
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	598
8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	13393
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	13393
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	13393
15			Трансферттер	612
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	612

		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	612
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-1072)
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(1072)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1072
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	1072
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1072